


Г2007

357 к

Шытырман оқиғалар
және фантастика

Джадсон Филипс



ҚИСЫҚ
ЖОЛМЕН





Шытырман оқиғалар
және фантастика

Джадсон Филипс

ҚИСЫҚ ЖОЛМЕН



"АУДАРМА" БАСПАСЫ
АСТАНА – 2006

ББК 84 Амер 7-44
Ф 50

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МІНІСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Филиппс Джадсон.

Ф 50 Қисық жолмен. Роман.
Орыс тілінен аударған *Баймұрат Есмақанов*
Астана: Аударма, 2006. – 280 бет.

ISBN 9965-18-166-7

Атақты америкаан жазушысы Джадсон Филипп оқырмандарға сериалды және шытырман оқиғаларға толы детективті романдарымен танымал. Оның “Қызыл соғыс”, “Өсектер қаласы”, “Құбылған сұмпайылар”, “Таудағы үй”, “Оны сүк көзден сакта”, “Аман қалу үшін өлтіру керек” секілді шығармалары ширьққан оқиғалар желісімен оқырмандардың ыстық ықыласына бөленіп, іздеп жүріп оқитын туындыларға айналған. Қолдарыңыздағы “Қисық жолмен” атты романы да – қылмыс әлеміндегі қилы-қилы сұмдық оқиғаларды аяусыз әшкерелеген тартымды туынды. Романды орыс тілінен тәржімалаған белгілі журналист-аудармашы Баймұрат Есмақанов.

Ф $\frac{4702250201-169}{00(05)-06}$

ББК 84 Амер 7-44

ISBN 9965-18-166-7

© Есмақанов Б., 2006
© “Аударма” баспасы, 2006

Бірінші бөлім

БІРІНШІ ТАРАУ

Телефон шырылдап, безек қағады, тіпті қоятын емес. Әбден сілесі қатып қалжыраған, ақырында әйтеуір төсегіне жетіп құлаған Питер Стайлз телефон шырылын мүлдем естімеген-сиді. Міне, телефон құлағы орнына қойылды, алайда сол сәтте-ақ телефон анықтамаларында тіркелмеген бұл нөмірді әлдекім қайтадан терді. Бір апта бойы Кипрдегі грек-түрік соғысының от жалынына іліккен Стайлз толассыз жүргізілген атыстар және бомбылаудың астында мүлдем ұйықтай алмаған. Ол Кипрден британ самолетімен, одан кейін американ ұшағына ауысып отырды да Нью-Йоркке дейін ұшты. Питер Стайлз Ирвинг-плейстегі өз пәтеріне еңбектегендей күйде зорға жетіп, “Ньюсвьюге” (ол журналда жұмыс істейтін) телефон соқты, өзінің бастығы Фрэнк Деверидің Вашингтонда екенін білді және де іскер де сергек хатшы Элли Уилсонға өзін бір тәулік бойы ешкім мазаламасын деген өтінішін айтты да қалың ұйқы құшағына сүңгіп кетті. Телефон қоңырауының

үні дәл бұрғылау машинасындай, жүйкені тесіп барады.

Ақыр аяғында жүйкені мүлдем жұқартпай, оны қорғау ниетімен Питер үстелге қолын созып, телефон құлағын көтерді.

– Алло?

– Питер, телефон шалғаным үшін кешір...

Әйсе даусы. Таныс емес.

– Бұл кім, өзі, сайтан алғыр?

– Мен – Эллимін.

– Қайдағы Элли? – Басы қатып, ештеңені ұғынар емес.

– Элли Уилсон.

– Ә, ә... Мен сенен өтіндім емес пе, Элли...

– Питер, мен өте қиын жағдайға тап болдым...

– Әрдайым жинақы да өзінс-өзі сенімді Элли Уилсонның даусы әлденеден қорыққандай дірілдеп шықты.

– Элли, ертең мен сен үшін қолымнан келгеннің бәрін жасауға әзірмін. Бірақ қазір ештеңе істеуге шамам жоқ...

– Питер, мен... Менің халім мүшкіл!

– Ал қазір уақыт қанша?

– Сағат үш.

– Түнгі ме?!

– Иә. Алайда, сен кешір, жалынамын! Мен он төртінші көше мен Парктің бұрышындамын. Сенің үйіңнен онша қашық емес.

– Ух, бірақ... құдай ақы, Элли...

– Питер!!! – Бұл – анық қиналған адамның жан айқайы еді.

Стайлз келіншекті жақсы білетін және ұйқысын ашып, өзіне-өзі келгесін түсінгені: маңызды бірдеңе болған. Элли Уилсон кез келген қиындықтарды жеңе білетін және ешқашан абыржымайтын. Енді, қазір, қорыққанынан есі шығып кеткен сияқты.

– Жарайды, келемін, соншалықты маңызды болса ... – деп күңк етті Питер.

Келіншек үйдің нөмірін айтты.

– Тегі – Вордвел.

– Ал Джордж қайда? Ол көмегін тигізе алмай ма?

Джордж Эллидің күйеуі болатын.

– Жок, тек Джордж болмасыншы!

– Жиырма минутта жетемін, – деп уәде берді Питер. – Егер келмей қалсам, тағы бір рет телефон соқшы, әйтпесе осы тұрған бойымда кенет ұйықтап кетуім мүмкін. Лунатик – ай дертіне ұшыраған адамдай Питер бетін шайып жіберуге жуынатын бөлмеге сылти басып, ілбіп әрең жетті. Айнадан тек ұйықтауды армандаған субъектіні көрді. Шаштары үрпиіп, қауырсынға ұқсайды, көздерінің асты күлкілдеп ісініп кетіпті. Қырынып, душқа түссе де теріс болмас еді, бірақ аялдауға болмайтын сияқты.

Питер ұйықтайтын бөлмесіне қайтып келді, сосын өзінің киімдерін лайықтап: сұр шалбарын,

жазғы күрен твид күртесін, кара водолазкасын тандап алды. Ақшаларын, құжаттарын, трубкасы мен киесіні қалталарына тықпалай салды. Төсегіне қиыла бір қарап, сайтан алғыр дегенге ұқсас бірдеңені айтып, күңк етті де көшеге шықты. Таксишілер бас сұғып, ат үсті жүрек жалғайтын, кофе іштінің түнгі дәмханаға дейін үш кварталдан астам жер жаяу жүруі керек. Ол он жеті квартал жерге жету үшін түрі ашулы, кофе ішіп отырған таксиші танауының алдында бес долларлық ақшаны бұлғақтатты.

Үй қазіргі заманғы көп пәтерлі ғимарат екен. Дәлізде швейцар шөңия жайғасыпты.

– Вордвелдерге, – деп хабардар етті оны Питер.

– Дәрігерге ме?

– Сіздерде олардың саны қанша? Бәріне де: Стайлз келді деп хабарлаңыз.

Швейцар коммутатордың жанына келді. Жауап бірден берілді.

– Көтерілуіңізге болады. Бесінші қабат, пәтер 5-3.

Питер лифтіден шыққанында пәтердің есігі алдында оны ақ шашты, бозғылт-көгілдір халат киген әйел күтіп тұр екен.

– Френсина Вордвелдер, – деді ол өзін таныстырып. – Сіздің келгеніңіз сондай жақсы болды.

– Эллидің жағдайы қалай? Не, ауырып қалды ма?

– Ол сізге телефонмен ештеңе айтқан жоқ па еді?

– Жок.

– Мен сізді оған алып барайын.

Дәрігердің кабинеті баска жерде болуы керек, мұндағылары тек тұрғын бөлмелер. Үй иесі әйел Питерді қонақтарға арналған ұйықтайтын бөлмеге бастап әкелді. Төсекте бір төбе болып үйілген жастықтарға сүйеніп Элли отыр. Үстіндегі халаты тым кең, тәрізі, үй иесі әйелдің киімі болуы керек. Элли – кішкентай ғана, сымбатты, жасы отыздардағы әйел. Сүйкімді сопақша бетін үлкендеу аузының айқын сызаттары срекшелендіріп тұр. Оның алтын-жирен түсті шашы қазір төсекте жайылып жатыр. Бұрын ол оны мүйізді оправалы көзілдірігінсіз бір рет те көрмегені есіне түсті, шашы әрқашан да тәптіштеліп, желкесіне түйін етіп жиналатын. Қазір ол жұмсақ, сезімтал, нәзіктеу жан тәрізді көрінді.

Элли Питерге тез көз тастады да теріс қарады. Стайлздың қабағы түсіп кетті. Элли аузының бір жағы ісіп кеткенге ұқсайды.

Сымбатты, ақ шашты, жібек халат киген егде адам Питердің жанына келді.

– Фред Вордвел, – деп таныстырды өзін ол Питердің қолын қатты қысып тұрып.

– Ауыр – физикалық жарақаты жоқ деп, сендіре аламын.

Есіктің ар жағынан Фрэнсина Вордвел Питерден кофе ішкісі келе ме деп сұрады. Питер қуана келісті, шамалы болса да ұйқымды ашайын деді.

Дәрігер оған тандана қарады:

– Менің ойымша, сізден ұйқы жай да қашып кетеді.

Питер Эллимен оңаша қалды. Әйел әлі де бері қараған жоқ.

– Сонымен, не болды, балақай? – деп сұрады Питер.

– Мені зорлап кетті, – деді буынға бөліп, зорға сөйлеген Элли, осыдан кейін қолымен бетін жауып, жылай бастады.

Питер кереуеттің шетіне отырды. Эллиді бетінен сипағысы келді, бірақ бұл райынан қайтты. Сөзді өзі бастасын. Ал Питердің зығырданы қайнай бастады: қандай жексұрын әлемде өмір сүреміз! Оның ешқандай жазығы жоқ қарапайым адамдарды бауырластар зиратына лактырып, көміп жатқан әлемнің бір бөлігінен жаңа ғана оралған беті осы, ал адамдарды өлтірушілерге ол қанағат сезімін әкеледі. Бірақ ондағы зұлымдықтар шамалы болса да діни көзқарастардың қайшылығымен түсіндірілсе, біріне-бірі зорлық жасау – бұл, барып тұрған тағылық, айуандық.

Бұл жолы жалғыз әйелге екеу қарсы тұрған. Сәлден соң Элли кібіртіктеп болған оқиға туралы әңгімелеп берді. Ол “Ньюсвьюде” көп

уақытқа бөгеліп қалған. Фрэнк Деверн, егер Вашингтонда әлдебір маңызды бірдеңе бола қалса, хабарласу үшін Эллидін жұмыс орнында болуын қалаған. Сағат он бірге таяп қалғанда ол телефон шалып, ендігі жерде хабар тосудың қажеті жоқ екендігін, Эллиді көп кідірткеніне кешірім сұрап, үйіне қайта беруіне рұқсатын берген. Ол үйіне қайтпақ болды, ал Джордж екеуі редакцияға жақын жерде тұратын, үйге қайтар жолында белгісіз екеу, олардың түрлерін қарап та үлгірмеген, оны бас салып, сүйрелеп тұйық көшеге алып кеткен. Олардың біреуі тамағына пышағын кенеген, ал екіншісі оның сырт көйлегі мен ішкі киімін жыртып, оны асқан дәрсікілікпен, жауыздықпен қорлаған. Зорлығын істеп, жанындағысының қолындағы пышақты алған, содан кейін анау екіншісі де дәрменсіз әйелді айуандықпен зорлаған.

— Мен, егер... қарсылық... көрсетсем... өлтіріп тастайды ғой,.. — деп ойладым. — Элли тұншыға сөйледі. — Менің өлгім келмеді. Ал енді... не істерімді... білмеймін, оданда өлтіріп тастағаны дұрыс еді. — Әйел бұрынғыша Питерге басын көтеріп, тура қараған жоқ, бірақ құтқарушы шеңберге жармасқандай, Питердің қолын ұстай алды.

— Ал мұнда қалайша келдің? — деп сұрады Питер.

— Дәрігер Вордвел мені бала кезімнен емдейді. Ол менің досым іспетті.

– Полицияға телефон соқтыңыздар ма?

– Жоқ!

– Бұл жағдайда хабарласатын ерекше нөмір бар ғой.

– Хабарласпаймын, ешқашан да!!! – деп қорланғандықтан ашына айқайлап жіберді әйел.

Питер Джордждың неге жоқтығын және оқиғаны одан неге жасырудың қажеттігін енді түсіне бастады. Элли скеуінің үйленгендеріне не бары бір-ақ жыл болған. Джордж Эллиден сәл ғана жастау. “Ньюсвьюде” ол полицейлік хрониканы жүргізеді. Джорджды журналға жұмыс істеуге Огайоның бір жерінде провинциялық шағын газет шығаратын Деверидің достарының бірі ұсыныпты. Жас журналшыны жұмыс жағдайымен таныстырып, не істеп, не қоятындығын түсіндіру керек-тін, міне, осы ретте ойы жинақы және тәжірибесі мол бас редактордың хатшысы Элла Сандерс оның бірінші ұстазы болды.

Кенет редакциядағылар осы уақытқа дейін ешкімді көзіне іліп, ұнатпай келген, көпшілік хатшылар сияқты тек өзінің шефіне ғашық деген күдіктің астында қалған, ендігі жерде көрі қыз болып қалу қаупі басына туған Эллидің көңілін табуға албырттықпен кіріскен жас Джордж Уилсонды көрді.

Питер осыншалықты ынтыға және құлай сүйген адамды өмірінде кездестірмеген.

Алдымен Эллидің өзі де таң қалған-ды, мүмкін, ол мұндай сүйіспеншілікке татымаймын ғой деп өзін-өзі сендіруге тырысқан болар, өйткені Джордж өте жас және албырт қой деген, бірақ кенет әлдебір серіппе іске қосылғандай, іштегі кедергінің бәрінің де астан-кестені шықты және де өзі оны қатты сүйді. Сосын үйлену тойы өтті. Девери бас құда, ал Питер күйеу жігіттің куәсі – шафер болды.

Біздің ғасырда және олардың жасында қаншалықты ескі дәстүр көрінгенімен, Питер күдіктенгеніндей, олар тәндерімен некелері қиылған күні ғана жақындасқан сияқты. Балдай тәтті болып өткен неке айынан кейін олардың хал-жағдайын сұрамаса да болар. Екеуі де жаңа жылдық шыршада жағылған дәл электр шамдары сияқты жарқырады. Олар адам күлерліктей бақытты еді.

Ал, енді, міне, мынадай оқиғаға тап болып отыр.

Жок, Джордж: “Неге қарсыласпадың, өміріңнің бағасымен болса да!” деп өзін айыптамаған болар еді, өзінің не ойлайтынын Элли осылайша түсіндірмек болды. Сөз кешірім туралы болып жатқан жоқ.

– Бірақ Джордж мұны біліп қалса, онда ол... мен... адам кейпіндегі екі хайуанның мені күштеп, тәніме... иелік еткенін сезсе, ол оны ешқашан ұмыта алмайды. – Әйел мүдіріп қалды, содан кейін ызалы жымыып:

– Ис болды... Күштеді. Не қылған қисынсыз сөздер. Дәл полицейдің рапортындағы сөздердей. Бұл екі азғын тек Джорджға ғана тиісіліні алды. Джордж бәрін ұмытуға қаншалықты күш салғанымен мен енді оған ешқашанда бұрынғыдай бола алмаймын. Егер... басқа бірдеңелер білсе де, тек осыны ғана сезбесе екен. Сені мен Вордвелдерден өзге ешкім білмейді. Және де білмеуі қажет. Фрэнки де, өзгелер де.

– Балақан, сен мені неге бұл іске араластырдың? – деп сұрады жылы лебізбен Питер. – Мен, әрине, сен қалай десең, солай істеймін. Тек менің не айтатынымды тындап ал. Алайда, саған менің нақтылы не керегім бар?

– Керегің... Мен саған әлі бәрін айтқан жоқпын.

Питер ештеңе түсінбей, әңгіменің жалғасын күтті...

– Менімен... жауыздық істерін бітіргеннен кейін... – Элли өзін барынша берік ұстауға бар күшін салып бақты, – екіншісі... тағы... тағы маған сыбырлап: “Боссыңа сәлем айт, бізді жайымызға қалдырсын, әйтпеген күнде бұл тек бастамасы ғана”, – деді.

– Қай мағынада жайына қалдыру керек?

– Түсінігім жоқ, Питер. Мен... мен ессіз-түссіз күйде болдым ғой. Сұмпайы сыбырлап жатқанында бұл не туралы деп сұрайтындай күшім де, жағдайым да болған жоқ. Және де олар

тез жоқ болып кетті. Мені олар сонда, көшенің түйығында қалдырды. Мен жан дәрмен әлдс-қалай үсті-басымды жаптым да міне... осында келдім. Такси алуға қорықтым.

– Сен олардың бет-жүзін мүлдем көрс алмадың ба?

– Ол жер қара түнек болды. Және көзілдірік ... көзілдірігімді бірден-ақ ұшырып түсірді.

– Дауыстарын таныр ма едің?

– Міне, осы үшін де сенің көмегің қажет, Питер.

– Нақтырақ айтқанда?

– Өтінемін, өтірік айт. Мүмкін, өтірікті көп айтуға тура келер.

– Әр кезде әзірмін, мархабат ет. – Питердің ашуы басылар емес. – Азғындар-ай...

– Сен Джорджға телефон шалсаңшы, – деп жалғастырды сөзін Элли. – Оған айт: Грециядан бүгін кешке оралдым... кеше кешке.

– Шындығында да солай ғой.

– Маған редакцияға телефон шалдың. Бұл да шындық. Және өзің үшін бірдене істеуді тапсырдың.

– Бұл да рас. Маған ешкім телефон соқпасын дедім! Кешір, Элли, орынсыз әзілдегенім үшін.

– Екі-үш күнге бір жаққа баруды сұрадың. Мен бұдан ерте есімді жия алмаймын. Питер, онымен кездесуге батылым жетпейді. Сен оған қоңырау шалып, менің қайда екенімді түсін-

дірмек болғансың, бірақ оны бірден таба алмадың, өзіңнің әбден шаршағаның соншалықты, қатты ұйықтап кетіпсің. Жаңа оянып, онымен хабарласу керек екені енді ғана есіңе түскен. Сен хабарласа алмағаныңа өте өкініштісің, Джордж қазір есінен айырылып жатқан болар. Ендігі ол редакцияға телефон соғып, менің сағат он бір кезінде кеткенімді де білген шығар. Бұдан бес сағат бұрын.

– Оны сендіретіндей етемін. Егер қаласан, мен сені шынымен қаладан басқа жаққа аттандырып жіберейін. Мен Кипрде бір американдықпен таныстым. Жігіттің аты-жөні Гарольд Мэррит. Ол гректердің отрядында соғысып жүр және менен өзінің Филадельфиядағы отбасына ауызша бірер сәлемін жеткізуді сұрады. Сонда бір-скі күнге барып қайт, Мэрритерді тауып ал.

Осылайша, егер тексерсе қалған жағдайда да бәрі нақтылы, анық болады. Джорджға сенің қайда тоқтағаныңды білмеймін деймін, сен оны маған таңертең телефонмен хабарла. Нақтылы, анық тапсырма. Бұл сенің көңіліңді аулап, қалпыңа келуге көмектесер, бәлкім.

Элли Питерге бұрылып, бір секундке шекесін оның қолына басты.

– Бакыт – серігің болсын, Питер.

* * *

Вордвелдер асханада, үстіне кофе шәйнегі мен үш шәшке қойылған үстел басында отыр екен.

– Мен сіздерге кофені әдейі апармадым, – деді Френсина Вордвел – Элли әнгімесін бастап кетті де мен мұның үстіне келуім мүлдем ретсіз болады ғой деп қорықтым.

Дәрігер Вордвел мейірімді, шаршаған көздерімен Питерге қарады.

– Джорджға не бола аласыз ба?

– Егер телефоныңызбен пайдалануға рұқсат етсеңіз.

– Сөз бар ма, әрине. Әне қабырғада ілулі тұр, егер оңаша сөйлескіңіз келсе, қонақтар бөлмесінде де телефон бар.

– Жок, сіздер де естіңіздер, – деп қарсылық айтты Питер. – Сіздерге бәрін қайтадан түсіндірмес үшін. Тек сіз жаракаты жоқ дедіңіз бе?

– Жаракаттары бар ғой, – деп жауап берді дәрігер. – Оны төпселеп ұрғанға үксайды. Денесі көкпеңбек. Бірақ менің білуімше...

– Мүмкін, оған ауруханаға жатуы керек болар?

– Ол мүлдем көнетін емес. Онда бәрі де белгілі болып қалады. Менің кабинетіме де медбикеден қорқып бармады.

– Питер телефон жанына келді. Анықтама кітабынан нөмірін тауып алып, Уилсондарға телефон шалды. Телефон құлағы қонырау бірінші соғылғанынан-ақ алынды.

– Джордж? Бұл – Питер.

– Құдай-ай, Питер! Оған не болды? – деп сұрады Джордж Уилсон үздік-создық сөйлеп.

– Онымен бәрі де ойдағыдай. Ештеңе де болған жоқ. Ал мен сенің алдында қатты кешірім сұрауға тиіспін.

– Ол редакциядан кеткелі, міне, бес сағат болды. Тіпті бұдан да көп! Неге ол телефон соқпайды? Не болып жатыр өзі?

– Түсінессің бе, мен Грециядан кеше ғана қайтып оралдым. – Питер түсіндіруге көшті. – Ал, маған, біреуді Грецияда соғысып жатқан бір жігіттің ата-анасына Филадельфияға жіберу қажет болды. Онда баруға Элли келісімін берді. Сен басқа бір жерлерде болдың-ау деймін, ол сені мүлдем таба алмай қойды. Сенің мазаланбауың үшін телефонды мен соғатын болып келістік.

– Айтады екенсіздер, мазаланбасын деп! Мен мұнда есімнен айырылуға сәл ғана қалдым, Питер.

– Көз алдыма елестете аламын! Соның бәріне мен кінәлімін. Мен бес тәулік бойы дұрыстап ұйықтай алмадым. Содан кейін әп-сәтте қалай ұйықтап кеткенімді білмеймін. Сөндірілген шам сияқты жалп еткен болуым керек. Енді, міне, жаңа ғана оянсам, сені ұстай алмай қойғаным есіме түсті. Мені кешіруге тырысшы, Джордж.

– Алайда Элли қайда, өзі?

– Филадельфияда. Қайда тоқтағанын білмеймін. Тәрізі, Бродстриттегі вокзал ауданындағы отельдердің бірінде шығар. Таңертең маған хабарласады. Бұл туралы мен хабардар еткен

шығар деп саған телефон соғу ойында болмауы мүмкін. Кінә, тағы менде. Қайтадан кешірім сұраймын! – Енді, ұйықта, Джордж. Элли телефон шалысымен саған да хабарлассын деп айтамын. Мүмкін, өзі де телефон соғып қалар. Сен ояңды-ау деген кезде.

– Басқа қайдағы жоқ ойлар келеді екен, – деп манадан бері ештеңе естімегендей шағым жасады Джордж. – Апат, кісі өлтіру, зорлау... Бір Алла біледі, не екенін!

– Болды, қайдағы жоқты қиыстырмай, – деді Питер. Оның жағы тартып қалды. – Филадельфия ағайындық, сыйластық қаласы. – Ол телефон трубкасын іліп қойды.

– Алданды ма? – деп сұрады дәрігер.

– Оған неге сенбеске? Бірақ өзіңіз түсініп тұрғаныңыздай, Эллиге Филадельфияға жүруге тура келеді. Бұл адамдар шындығында да сонда тұрады. Оған қалай болғанында да жұмыс болар және Джорджға көрінгенінше аз да болса, өзіне-өзі келіп, есін жинасын.

– Көйлегімен қиындық туып тұр, – деп қапаланды Фрэнсина Вордвел. – Оның көйлегі өрім-өрім болып жыртылған. Ал менің киімдерім оған үлкен.

– Үстіңе бірдеңелер кигізіп, ең таяудағы пойызбен аттандырыңыздар. Онда Пенсильвания вокзалынан, меніңше, сағат сайын пойыздар жүреді. – Питер қалтасынан әмиянын алып

шықты. Оның шетелге барған сапарынан өзімен бірге алып жүретіннен әлдеқайда көбірек ақша қалыпты.

— Онда келісімен өзіне бірдеңелер сатып алар.

— Ал Джордж оның киімінің бәрі жаңа екендігіне таң қалмай ма?

— Ол кездескенінің өзіне-ақ қуанып, ештеңе байқамайды. Кофе үшін рахмет. Эллиді барып тыныштандырайын, Джордж туралы айтайын, кететін де уақыт жеткен сияқты.

Ол түнеріп, дәлізбен жүріп келеді. “Өзіңнің боссыңа айт: “Егер ол соңымыздан қалмаса...”

Элли оны үрейлі көзқараспен қарсы алды.

— Джорджбен сөйлестім, — деп хабарлады ол. — Оның мазасы әбден кетіпті. Сені ол өте жақсы көреді-ау деймін. Ойпырмай, оның мен телефонмен хабарласа алмай, ұйықтап қалғанымды естігенінде маған қалай ашуланғанын білсең ғой. Мен сенің Филадельфияға кеткеніңді, түсінесің бе, ұмытып кетіппін, ол сені таңертең телефон соғады деген үмітте.

— Рахмет саған, Питер. Рахмет. Көп рахмет.

Ол әйелдің қолын алды. Саусақтары мұздай екен.

— Мен әлгі грек оқиғаларына байланысты бір айдай уақыт мұнда болғаным жоқ. Фрэнк ненің соңынан қалуы, болмаса нені жайына қалдыруы керек еді?

– Білмеймін, Питер, ештеңесін білмеймін. Мүмкін, бар болғаны, журналда... менімен болған оқиғаны жазбауды бұйырған шығар.

– Солай да болар, мүмкін, – деп тұнжыранқы жауап берді Питер. Олар “өзіңнің боссыңа айта бар...” деп бұйырған. Яғни, оның боссы кім екені, оларға белгілі. Ал егер бұйрық Деверн үшін болса, онда олар нақтылы Эллидің ізін кесіп, бақылауға алған, оның редакциядан қашан шығатынын күткен.

– Мен Фрэнкке: маған түннің ортасында телефон соғып, біреулер саған өздерін жайына қалдыруды, әйтпесе оны оңдырмаймыз, түбі жаман болады деп, сәлсөз айтты дейін.

– Иә, бұдан қандай нәтиже шықпақ? – деп сұрақ қойды Элли.

– Мүмкін, әлгі екі жексұрынның іздеріне шығармын, егер бұл ойым жүзеге асса, мен оларға шолақ көшені-тұйықты көрсетермін!

– Олар... олар нағыз хайуандар, Питер.

– Маған тиісіп, зығырданымды қайнатса, менің де имандылығым шамалы болып кетеді. Тап қазір, балақан, менің ашу-ызам кемсірінсін шығып, таси бастады!

Ол Эллиге Гарольд Мэрриттің ата-анасына шатасқандау тапсырысын жеткізді. Питер көргенінде жігіттің жағдайы жақсы болатын, ал ұрыстарда ешкім де қауіпсіздікке кепілдік берсе алмайды. Керек болған жағдайда жігіттің ата-

аналары білуге тиіс, оның кейбір ой-камдары бар болатын.

Ақыл-кеңесін айтып болған Питер еңкейіп, Эллидің бетінен сүйді.

– Есінді жинап, өзіңе-өзің кел, балақан. Бұл – ақырғы заман емес. Жарайды, апатқа ұшырадың. Ал ол дегендерің, күн сайын дерлік болып жатады емес пе. Сен есен-саусың, жарақатың жоқ, ал қалғаны өтсді де кетеді, біраздаң соң ұмытылады.

– Маған да осылайша көрінер күн туар, мүмкін, – деген Элли келіп қалған көз жасын жасырып, теріс қарады.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Фрэнк Девери, казір таралымы бойынша өзінің ең жақын деген бәсекелестерінен озып кеткен “Ньюсвью” апталығының редакторы, идеялық жағынан дем беруші, аласа бойлы, төртбақ келген, көздері өткір адам болатын. Көлденең бақылаушы Девериді қарыспа, қатал, мезі стетін, өктемшіл тип дер еді. Ал қызметкерлердің білестіні: Девери өте сезімтал және мейірбанды адам. Бүкіл редакция, жетекші очеркші Питер Стайлздан бастап жұмысқа жаңа келген қағаз тасушыға дейін кірпік қақпай, ойланбастан, күн мен түннің кез келген уақытында Деверидің соңынан айқасқа да, тойдуманға да кірер еді. Бір-бірінің кәсіптік